

3. Гуревич Б.П. Международные отношения в Центральной Азии в XVII – первой половине XIX вв. – М., 1979.
4. Кузнецов И.С. Цинская империя на рубежах Центральной Азии. – Новосибирск, 1983.
5. Қазақстан ғылым академиясы. «Цинская империя и казахские ханства вторая половина XVIII – первая треть XIX вв.». – Алматы, 1989.
6. Мойсеев В.А. Джунгарское ханства и казахи XVII-XVIII вв. – Алматы, 1991.
7. Қасымбаев Ж. Города Восточного Казахстана в 1861-1917 гг. – Алматы, 1990.
8. Хафизова К.Ш. Китайская дипломатия в Центральной Азии /XVIII-XIX вв./». – Алматы, 1995.
9. Касымбаев Ж. Казахстан – Китай: Караванная торговля в XIX – начале XX веков. – Алматы, 1996.
10. Мұқаметханұлы Н. ХҮІІІ-ХХ ғасырлардағы қазақ-қытай байланыстары. – Алматы, 1996.
11. Қытайдағы қазақтардың қоғамдық тарихы (1860-1920 жж.). – Алматы, 2000.
12. Сұлтанов Қ.С. Особенность реформы в Казахстане и Китае: сравнительный анализ. – Алматы
13. Алдабек Н.А. Россия и Китай: Торгово-экономические связи в Центрально-Азиатском регионе в XVII-XIX вв. – Алматы, 2001.
14. Галиев В.В. Казахстан в системе Российско-Китайских торгово-экономических отношений в Синьцзяне (конец XIX – начало XX вв.). – Алматы, 2003.
15. Сұлтанов К.С. Қазіргі кезеңдегі Қазақстан-Қытай қатынастары (1991-1995). – Алматы, 1996.
16. Хафизова К.Ш. Казахская стратегия Цинской империи. – Алматы, 2007.
17. Абдраймова Н. Қытай мен Орталық Азия халықтарының мәдени байланыстарының тарихы. – Алматы, 2009.
18. Мұқаметханұлы Н. Қазақ тарихының өзекті мәселері. – Павлодар, 2010.
19. Мұқаметханұлы Н. Дипломатиялық қатынастар және қытайтану мәселелері. – Алматы, 2011.
20. Мұқаметханұлы Н. Қытайдың батыс өңірді игеру стратегиясы және Қазақстан-Қытай қатынастарына әсері // Отан тарихы. – Алматы, 2005, №1.
21. Алдабек Н.А. Сарсембеков В.Т. Международное сотрудничество Китая в области использования и охраны трансграничных рек // Вестник КазНУ. Серия востоковедения. – 2006. – № 3. – С. 3-8.
22. Шымырбаева Д. Қытайдың халықаралық жүйедегі Орталық Азиядағы ықпалы // ҚазҰУ Хабаршысы. Халықаралық қатынастар және халықаралық құқық сериясы. – Алматы, 2008, № 3. 73-77 б.
23. Қаукенов А. (бас редактор). Китай в XXI века. Екінші томдық еңбектің «Китай и Центральная Азия» деп аталатын 2-томның 3-тарауы (199-275 б.). – Алматы, 2008.
24. Сапанов С., Жүніс Қ. Қытай Халық Республикасының сыртқы саясатындағы мұнай факторы. – Алматы, 2009.
25. Сыроежкин К.Л. Казахстан – Китай: от приграничной торговли к стратегическому партнерству (үш кітап). – Алматы, 2010.

* * *

Данная статья посвящена историческому анализу исследований казахстанских ученых о взаимоотношениях между Казахстаном и Китаем. Автор на основе сравнительного анализа подчеркивает улучшения качества научных исследований на современном этапе по отношению советскому периоду.

* * *

In this article analyzed Kazakhstan–China relationship of Kazakhstan which basined on historical researches. Author compared with two different countries relation, according to the researched work of native land science field of Soviet Union and independent period have proved our country’s science researches is developed .

А.Р. Әлімбаев, Б. Шакеева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ИСЛАМ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҰЙЫМЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ ТӨРАҒАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІНІҢ МӘНІ МЕН ЖЕТІСТІКТЕРІ

Қазақстан Республикасы кеңестік кезеңнен кейінгі 20 жылдық дәуірде өзінің тәуелсіз ел ретінде халықаралық қатынастар жүйесінде толыққанды қатысушы бола алатындығын толығымен дәлелдеп шықты. Тәуелсіздіктің алғашқы сәттерінен бастап халықаралық беделді ұйым, Біріккен Ұлттар Ұйымының мінбесінен аймақ үшін жаңа ұсыныстар жасауының өзі жас мемлекет үшін әлем мәселесінде Қазақстанның шет қала алмайтындығын көрсетті.

1992 жылғы 5-ші қазандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 47-ші сессиясында жасалынған ұсыныс нәтижесінде бүгінгі күні аймақ шең-

берінде маңызды істерді талқылап, елдер арасындағы ынтымақтастық пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге өзіндік үлесін қосып келе жатқан Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесі құрылды. Бұл Азиядағы қауіпсіздікке қатысты мәселелер бойынша пікірлесу, келіссөздер жүргізу және келісімге келу негізінде шешім қабылдау мен шаралар қолдану жөніндегі мемлекетаралық форум. Қазақстан Республикасы Азиядағы өзара іс-қимыл және сенім шаралары кеңесіне төрағалыққа 2002-2006 жж., бірінші мерзімге, 2006-2010 жж. екінші мерзімге қайта сайланған болатын.

Қазақстанның бүгінгі халықаралық қатынастар жүйесінің белсенді қатысушысы болып табылатындығын 56 мемлекетті біріктіретін Еуропадағы қауіпсіздік және ынтымақтастық жөніндегі ұйымына (ЕҚЫҰ) төрағалығы мен бүгінгі күні 57 мүшесі бар Ислам Ынтымақтастығы Ұйымында Сыртқы істер министрлерінің кеңесіндегі (ИЫҰ СІМК) төрағалығымен дәйектеуге болады. Ислам Саммиті және Бас Хатшылықпен қатар, ИКҰ Сыртқы істер министрлер Кеңесі жылына бір рет шақырылатын және ИКҰ-ның шешімдер мен қарарлар арқылы өзара мүдделерді қамтитын саясаттарының негізгі бағыттарын жүзеге асыру жолдарын қарастыратын басты органдарының бірі болып табылады. Сондықтан да бұл кеңесте төрағалық ету маңызды әрі мәртебелі болып саналады.

Сонымен қатар, ИКҰ Сыртқы істер министрлер Кеңесі алдыңғы Саммиттер мен Сыртқы істер министрлер Кеңестерінде қабылданған шешімдер мен қарарларды әрі қарай жалғастыру мәселелерін қарастырады. Сонымен бірге Ислам ынтымақтастығы ұйымы мемлекетаралық және ішкі саяси қарулы қақтығыстардың алдын алуда басты халықаралық дәнекерші рөлін атқару мүмкіндігі орасан зор.

2008 жылы 18-20 маусым аралығында Кампалада (Уганда) өткен Ислам Конференциясы ұйымының Сыртқы істер министрлерінің 35-ші Кеңесі барысында Қазақстан Республикасы мұсылман елдерінің келісімін алып, 2011 жылы ИКҰ Сыртқы істер министрлер Кеңесінің төрағасы мәртебесіне ие болған еді және Сыртқы істер министрлерінің 38-ші кеңесін Астана қаласында өткізетін болып келіскен.

2011 жылғы 28-30 маусымда Астанада өткен Ислам Ынтымақтастығы Ұйымы Сыртқы істер министрлері кеңесінің 38-ші отырысы әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының назарын аударған маңызды оқиға ретінде тіркелді. Астана кездесуі мұсылман қоғамдастығы үшін ағымдағы жылдағы ең ірі саяси оқиға қатарында есте қалды.

Қазақстанның 2010-2011 жылдардағы Шанхай ынтымақтастық ұйымындағы төрағалығы да табысты болды. 2011 жылғы 15 маусымда Астанада өткен ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің мерейтойлық отырысы елімізді шырқау биікке көтерді. Саммит қорытындылары сыртқы саясаттың жаһандық және өңірлік мәселелерін шешудегі Қазақстанның рөлі мен орнын одан әрі жоғарылата түсті.

Қазақстанның 2010 жыл көлеміндегі ЕҚЫҰ-ға төрағалығы «4 Т» ұраны негізінде өткізгені белгілі. Бұл – Trust, Traditions, Transparency, Tol-

erance, – яғни сенім, дәстүрлер мен ашықтық және төзімділік – деген қағиданы негізге алған болатын. Қазақстанның 20 жылдық тәуелсіздігіне орай 2011 жылы көлемі жағынан әлемдегі 2 орындағы ұйым – ИЫҰ-ның СІМК төрағалығын қолға алды. ИЫҰ-ға төрағалықтың тұғырнамасы – «Бейбітшілік, Ынтымақтастық, Даму» деген ұранымен өту жоспарланған еді. Екі ұйымға да тән басты мәселе – қауіпсіздік мәселесі. Яғни, екі ұйым да аймақтың, әлемнің қауіпсіздік, экономикалық және гуманитарлық астарларын қарастырады. Қазақстан осындай аса маңызды мәселе де жетекші болуымен өзін әлемге таныта білді.

ЕҚЫҰ-ға төрағалығын еліміз барлық мүше мемлекет басшылары мен үкімет, СІМ басшыларының басын қосып, қауіпсіздік мәселесін бірлесе отырып қарастырған Астана саммитін өткізумен қорытындылады десек болады. ЕҚЫҰ-ға төрағалық кезінде жинаған тәжірибенің негізінде ИЫҰ-ның СІМК төрағалығы Қазақстанның халықаралық мәселеде белсенді қатысушы болуын жетілдіре түсті. Қазақстанның ИЫҰ-ның СІМК төрағалығы барысында атқарған қызметі еліміз үшін аса зор маңызға ие болары сөзсіз.

ИЫҰ-ның тарихы 1969 жылы Иерусалимдегі «Әл-Акса» мешітін белгісіз біреулер өртегеннен кейін, Сауд Арабиясының Королі Фейсалдың бастамасымен 26 мұсылман елі басшылары Марокконың астанасы Рабатта бас қосып, Ислам дінінің құндылықтарын қорғауға бағытталған Ислам Конференциясы Ұйымын (ИКҰ) құру туралы шешімінен басталады. Бүгінгі күні ұйым Азия, Африка, Еуропа және Оңтүстік Америкада, яғни Жер шарының бестен бір бөлігіне орналасқан 1,5 миллиардтан астам халқы бар 57 мемлекеттің ұйытқысы болып отыр.

1995 жылы Қазақстан Республикасының Ислам Конференциясы Ұйымының толыққанды мүшелігіне өтуі еліміздің қарқынды дамуына өзіндік үлесін тигізді. Мұсылман елдерімен қарым-қатынастарды орнатудың алғашқы кезеңінде «алдымен экономика, соңынан саясат» қағидасы ұстанылған болатын. Сол негізде ИКҰ-ның арнайы қаржы институты болып саналатын Ислам даму банкі Қазақстанның сол кездегі экономикалық реформаларына елеулі қолдау көрсетті. Ислам даму банкімен қатар, араб елдерінің бай қаржы қорлары Алматы – Астана жолын салуға, Сауд Арабиясы, Біріккен Араб Әмірліктері, Оман Сұлтанаты, Кувейт, Катар өкіметтерінің тегін гранттар арқылы жасалған көмегімен Астанадағы Парламент Сенатының ғимараты, Салтанат

сарайы, Ауыл шаруашылығы министрлігінің ғимараты, Кардиологиялық орталық, «Нұр Астана» мешіті секілді көрнекті кешендердің салынғаны белгілі. Қазақстан ИБҰ мүше елдерінің 42 мемлекетімен сауда-инвестициялық қатынасын экспорт-импорт, транспорт, туризм және қаржы саласы бойынша дамытуда. Бұл үрдіс одан әрі жалғаса беретіндігі айқын. Қазіргі уақытта Қазақстан Үкіметі мен Ислам даму банкі арасында алдағы екі-үш жыл ішінде еліміздің ірі инвестициялық жобаларын қаржыландыруға арналған «Жол картасы» әзірленуде. Осының барлығы – ислами қаржыландыру қағидаттары негізінде жүзеге асуда.

Қазақстанның ИБҰ төрағалығының күн тәртібі өткен 2010 жылдың желтоқсанында дайын болған еді. Оның мазмұны стратегиялық, геосаяси мәселелерден гөрі, негізінен гуманитарлық сипатқа ие болды. Алайда, 2011 жылдың көктемінде орын алған араб әлеміндегі дүрбелең көктемі, Қазақстанның төраға ретінде бірқатар өзекті мәселелерді талқылауды ұсынуына түрткі болды. Соның негізінде басты назар экономикалық және әлеуметтік мәселелерге ғана емес, сондай-ақ қауіпсіздік мәселесіне де аударылды. Өйткені араб елдеріндегі толқулардың түп тамыры халықтың әлеуметтік мәселелерінің шешілмеуі, экономикалық артта қалушылық екендігі айқын болды. ИБҰ-ға мүше 57 елдің шамамен 30 пайызға жуығы неғұрлым нашар дамыған елдер санатына қосылады.

Экономика саласы мемлекет дамуының негізі, халықтың әлеуметтік жағдайының көрсеткіші. Сол ретте, 2011 жылы Қазақстандық халыққа жолдауда мемлекеттік саясатта стратегиялық басымдылық – экономикаға аударылатындығы ерекше аталынған болатын [1]. Демек, Қазақстанның ИБҰ төрағалығында да экономика саласына ерекше назар аударуы мемлекеттің қарқынды дамуындағы экономиканың аса маңыздылығын дәлелдей түседі.

Бұл ұстанымды Қазақстан Сыртқы істер министрі Е.Қазыханов 2011 жылы 18 шілде күні Брюссельде Бельгия Корольдігінің Премьер-министрі Ив Летерммен кездесу барысында Қазақстанның ИБҰ төрағалығы туралы пікір алмасу барысында да дәйектейді. Е. Қазыханов Таяу Шығыс пен Солтүстік Африкадағы оқиғалар Қазақстанның төраға ретіндегі қызметінің күн тәртібіндегі негізгі мақсаттарды айқындауда өз әсерін тигізгенін, сол ретте халық толқулары орын алған мемлекеттерде мәселені шешудің басты жолы экономиканы дамыту қажеттілігін атап өткен болатын [2].

Яғни, қазақстандық төрағалық нәтижесіндегі басты қорытынды ислам әлемін заманауи даму қарқынына сай жетілдіру керектігі. Осы стратегия Астана қаласында үстіміздегі жылдың 7-9 маусым күндері ИБҰ шеңберінде өткен VII Бүкіләлемдік Ислам экономикалық форумында да негізге алынды. «Ислам Давосы» деп аталып кеткен бұл форум ерекше форматта өткен болатын. Оның ерекшелігі қатысушы 45 мемлекеттің ішінде тек мұсылман әлемінің өкілдері ғана емес, батыс елдерінің өкілдері, халықаралық қаржы институттары мен ұйымдары және ғалымдардың қатысуымен айқындалады. Форумның негізгі мақсаты – жаңа технологиялар мен инвестицияларды тарту, екіншіден – саяси мәселелер, оның ішінде қауіпсіздік мәселесіне кең көңіл бөлінді. Батыс елдерін Форумға шақыру үлкен мәнге ие. Біріншіден, алдыңғы қатарлы жаңа технологияларды мұсылман әлеміне енгізу; екіншіден, Қазақстанның ЕҚЫҰ мен ИБҰ төрағалығы негізінде, Батыс пен мұсылман әлемінің үйлесімділігін нығайтудағы бітімгершілік әрекеті. Соның нәтижесінде Батыс өкілдері қазіргі таңда үлкен сұранысқа ие мұсылмандық «халал» өндірісін өз елдерінде дамытуда өзара ынтымақтастықты дамыту қажеттілігіне көңіл бөлді.

Форум барысында Қазақстан Республикасының Президенті: «Әлем тұрғындарының бес-тен бір бөлігін құрайтын мұсылман әлемі өзінің экономика саласындағы әлеуетіне мүлдем сай келмейді. Мысалы, үлкен сегіздіктің ішінде мұсылман үмбетінен бірде-бір ел жоқ... Мұсылман елдері айтарлықтай модернизациядан өтуге тиіс. Мұны қолға алмасак, тарихи тұрғыдан артта қалу тағы да жүз жылға созылып кетуі мүмкін», – деп атап өтті. Төрағалық барысында ислам әлемі мен Батыс арасындағы үйлесімділікті кеңейтуді қоса алғанда, бірқатар идеялар бастама ретінде көтерілді. Соған орай қазақстандық тараптан бірқатар аса маңызды ұсыныстар жасалынды. Олардың қатарында:

1. Ислам әлемі елдерінің экономикалық ынтымақтастығы шеңберінде жаңа бағыт қалыптастыру қажеттілігі. Бұл үшін Дүниежүзілік Ислам Экономикалық Қоры негізінде он жетекші мұсылман қауымдастығы елдері экономикасы тобына арналған пікір алмасу алаңын құру, яғни Исламдық G10 үлгісінде.

2. Ислам әлемі елдерінің қазіргі таңда жетекші ғылыми-технологиялық үрдістерден артта қалғандығын ескере отырып, Ислам Ынтымақтастық Ұйымының мүдделі елдерінің қатысуымен Халықаралық инновация орталығын құру қажеттілігі.

3. Шағын және орта бизнеске қолдау көрсету мақсатында Дүниежүзілік Ислам экономикалық форумының арнайы жұмыс тобын құру; бұл ретте, Ислам Даму Банкі жанынан шағын және орта бизнестің арнайы қорын құру мәселесін осы форумда талқылау. Қазақстан исламдық қаржыландыру тетіктерін тарту тұрғысынан мұсылман елдерімен ынтымақтастық жасауға мүдделі. Сарапшылардың дәйектеуінше Қазақстандағы ислам инвестициясының таяу жылдардағы өсу мүмкіндігі ондаған миллиард долларға дейін жетеді.

4. Елдердің сауда-экономикалық ынтымақтастығын кеңейтудің маңызды шарты – көлік-коммуникациялық және логистикалық желінің болуы. Бүгінде Қазақстан «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» халықаралық көлік дәлізін кеңейте отырып, өзінің геоэкономикалық жағдайын белсенді түрде пайдалануда. Қазақстан тарапы Қытай мен Парсы шығанағындағы жүк тасымалдау ағынын ұлғайту үшін жаңа темір жолдар салуда. Сол ретте Қазақстан-Түрікменстан-Иран, Парсы шығанағы темір жол құрылысын қаржыландыруға Ислам Даму Банкінің белсенді түрде қатысуы; жалпы құны бір жарым миллиард долларды құрайтын бұл ұзындығы 963 шақырым темір жол біздің елдердің арасындағы қарым-қатынас, экономикалық саудаға өте әсерін тигізетін болады деп есептейді.

5. Азық-түлік қауіпсіздігін нығайту мақсатында Ислам Ұнтымақтастық Ұйымы аясында азық-түлік көмегін көрсету жүйесін әзірлеу; Бұған Ислам Даму Банкі және ұйымға мүше елдердің азық-түлік қоры топтары жүйесінде FAO үлгісіндегі аймақтық қордың құрылуы негіз болар еді. Оның штаб-пәтерін азық-түліктің экспорттық әлеуетін белсенді дамытушы ел ретінде Қазақстанда орналастыру [3].

2011 жылдың 17-20 қазан күндері Ыстамбұлда өткен Ислам Ұнтымақтастығы Ұйымының Сауда және экономикалық ынтымақтастығы жөніндегі тұрақты комитетінің (ИБҰ КОМСЕК) 27-ші отырысында Қазақстан ұсынысын мақұлдаған болатын. Отырыс қорытындысы бойынша, ИБҰ мүше мемлекеттері Қазақстан тарапының ИБҰ Азық-түліктік қауіпсіздік Кеңесін құру ұсынысын мақұлдады және оның жүзеге асырылу қадамдарын қолдайтынын мәлімдеді. Аталған шешім отырыстың қорытынды декларациясының мәтініне енгізілді. Бұл ислам әлемінің болашақ қарқынды дамуы үшін өте маңызды және өзекті ұсыныстар болды. Бүкіл аймақ көлемінде осындай маңызды ойлар мен бағыттарды ұсына білу, Қазақстан Республикасының жиырма жылдық

тәуелсіздігі барысында жинаған тәжірибесінің айқын көрінісі болып табылады. Соның бірі Қазақстан тарапынан қауіпсіздік мәселесі де тыс қалмады. Қауіпсіздік мәселесін талқылау кезінде, елбасы лаңкестікпен күрес жолдарын белгілей келе, жалпы лаңкестіктің ислам дінімен еш қатысы жоқ екенін дәйектеді.

Расында да, ислам дінін бүркемелеп, Құранның адамзатты ізгілікке бастайтын жолының мазмұнын, түсінігін өз мүдделеріне жету үшін бұрмалап уағыздауы, қоғамда тұрақсыздықты тудырып, төзімділікке, заңға қайшы іс-қимылдарға жетелеуде екендігі жан-жақты зерделенген болатын. Ислам әлемі де, діні де лаңкешшіл содырлардың нысанасына айналуға. Халықаралық, аймақтық, мемлекеттік деңгейде лаңкестікті жоюдың басты шарасы, ол лаңкестіктің алдын-алу әрекеттерін күшейту болып табылатындығы айқын. Жалпы, лаңкестік–әлеуметтік құбылыс екендігін ескеретін болсақ, онда лаңкешшілердің қатарын да толтыратындар әлеуметтік жағынан нашар елдердің өкілдері. Яғни, ең алдымен бұл елдердегі халықтың әлеуметтік жағдайын жақсарту арқылы негізгі мақсатқа қол жеткізуге болады. Қазақстандық ұсыныстың түп негізінде де осы әлеуметтік жағдайды жақсарту үшін қарқынды экономикалық дамуға бет алу жатыр.

Бұл бас қосуда Қазақстан бірқатар тиімді келісімдерге қол жеткізген болатын. Ислам Даму Банкісінің «Ауыл шаруашылығын қолдау жөніндегі қаржы қоры» техникалық көмек көрсету үшін 10 жылға белгіленген несие бөлді. Бұл көмек Қазақстанның ауылдық жерінде жұмыссыздықпен күресу үшін шаруашылық қожалықтарын дамытуға негізделген.

Көптеген отандық сарапшылардың пікірі бойынша, Қазақстанның ИБҰ төрағалығы кезінде ауыл шаруашылық өнімдерін ислам әлемі елдеріне шығаруды арттыру, халал өнеркәсібін нығайту, сондай-ақ, исламдық банк жүйесін дамытуға, Қазақстанда аймақтық маңыздылығы бар Ислам банк орталығын құру мүмкіндігі ашылады деп үміттенеді.

2020 жылға дейін Алматыда осындай орталықты құру мәселесін талқылау бұған дейін де орын алған болатын. Сонымен қатар 2012 жылға арналған исламдық қаржыны дамыту жөніндегі жол картасы жасалынды. Қазақстан өз экономикасын дамыту жолында ұйым шеңберінде бірқатар шараларды жүзеге асырды. Жалпы ИБҰ мемлекеттері арасында Қазақстанға инвестиция салудан Түркия бірінші орында – 1,6 млрд америка долларынан асады, одан кейін Біріккен Араб Әмірлігі – 887 млн. америка доллары, Индонезия

– 500 млн. америка долларын құрап отыр. Осы бағытты да Қазақстан нығайта түсуде.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ислам ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі төрағалық қызметінің мәні мен жетістіктері, ол – ең алдымен өзара тиімділігі. Қазақстан мұсылман әлеміне модернизация, заманауи даму үдерістерімен дем беріп, Батыс елдерімен қатынасты, ынтымақтастықты дамытуда байланыстырушы көпірді нығайта түсуге атсалысуда. ЕҚЫҰ мен ИБҰ шеңберіндегі Қазақстанның қызметі еліміздің әлемге танымал болуына, беделінің нығая түсуіне өзіндік әсер еткендігі хақ. Қазақстанның қай салада болмасын, әсіресе экономика жағынан болашағы зор мұсылман әлемімен экономикалық қарым-қатынастарын дамытуға, жаңа заманауи іс шараларды жүзеге асыруына зор мүмкіндіктері ашылуда.

Қазақстанның ИБҰ төрағалығында «Бейбітшілік, Ынтымақтастық, Даму» қағидаларын негізге алуы, еліміздің белді мемлекеттер қа-

тарына қосылуына мүмкіншілігінің зор екендігінің айғағы.

1. http://www.akorda.kz/kz/speeches/addresses_of_the_president_of_kazakhstan/

2. Дипломатический курьер 4 (31) 2011, - Б.10.

3. http://oic2011-2012.kz/index.php?option=vsemir_nomislamskom-ekonomicheskome-forume&catid=48%3Aregionalnye-novosti&Itemid=135&lang=kz

* * *

Данная статья рассматривает активное участие в деятельности Организации и председательство РК в СМИД в 2011 году. Рассматриваются итоги исламского экономического форума, который прошел в Астане, а также предложения РК в развитие ОИС.

* * *

This article considers involvement in activities of Organization and Kazakhstan's chairmanship of OIC CMFA in 2011. It reviews the outcome of the Islamic Economic Forum which was held in Astana. Also it shows suggestions of RK in the development of OIF.

Е.Қ. Қамтағазева

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ ІС-ШАРАЛАРЫ

XXI ғасырдың басы – халықаралық, аймақтық, ұлттық қауіпсіздік мәселесінің әлемдік деңгейде өте өзекті мәселелер қатарында екендігінің тағы бір айғағы болды. Мұны бүкіл әлем мақұлдады. 2001 жылғы 11 қыркүйекте әлемнің қуатты мемлекеті санатындағы Америка Құрама Штаттарында орын алған лаңкестік іс-әрекеттер қауіпсіздік мәселесін бір сәтте естен шығаруға болмайтындығының куәсі.

Адамзат баласы жетіле түскен сайын санасы да тек бейбіт қарым-қатынастарды қалайды деген пікір бүгінгі таңда да бүкіл адамзат әлі толық жетіле қоймағандығын білдіреді. Халықаралық лаңкестіктің кең етек ала бастауымен қатар діни экстремизмнің индет ауыруындай тарала түсуі де мемлекеттер тарапынан бірыңғай саясат ұстап, жаңа қауіп-қатерлерге қарсы бірыңғай саяси тұжырымдамаға келуді талап етеді.

Әрине, әлемдегі мемлекеттердің саяси-экономикалық, әлеуметтік даму ерекшеліктерін ескеру де өте қажет екендігі белгілі. Сонымен бірге жағрапиялық тұрғыдан орналасуы да елдің ұлттық қауіпсіздігіне қатысты тұжырымдамасын айқындайтындығы сөзсіз. Дегенмен де, жеке дара

мүдделерінің негізінде халықаралық лаңкестікке, діни экстремизмге және басқа да елең беретін қатерлерге деген қарсы ниеттерінің бір арнадан шығуы әлемдегі қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласында мемлекеттерді үйлестіре түсері хақ.

Халықаралық қатынастардағы әр тәуелсіз мемлекеттей Қазақстан Республикасының сыртқы саясат саласындағы басты міндеті де – оның тәуелсіздігі мен егемендігін, қауіпсіздігі мен жерінің біртұтастығын нығайту. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде дамуының басты шарты болып табылады.

Тәуелсіз Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы заңында: «ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы – жеке тұлға мен азаматтарының конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамының құндылықтарын, түбірлі мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ресми қабылданған көзқарастар мен іс-шаралар жүйесі» – деп айқындалған [1].

Сол ретте Қазақстан Республикасы да қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бет бұрған әлемнің барлық елдерімен, одақтарымен және